

Мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың мемлекеттік мониторингін және орман орналастыруды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/163 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 18 маусымда № 11387 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Орман қорын мемлекеттік есепке алуды жүргізу қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу қағидалары;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидалары;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыруды жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелуден кейін құнтізбелік он құн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;
- 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ол алғаш ресми жарияланған қунінен кейін он құнтізбелік құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндеттін аткарушы

C. Омаров

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Ұлтық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 18 мамырда
"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
_____ В. Школьник
2015 жылғы 30 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндеттін атқарушы
2015 жылғы 27 ақпанды
№ 18-02/163 бұйрығына
1-қосымша

Орман қорын мемлекеттік есепке алуды жүргізу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 29.04.2020 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Орман қорын мемлекеттік есепке алуды жүргізу қағидалары Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес өзірленді және орман қорын мемлекеттік есепке алуды жүргізу тәртібін айқындайды (бұдан әрі – Қағидалар).

2. Орман қорын мемлекеттік есепке алу (бұдан әрі – есепке алу) орман қорын күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыру мен орман өсіруді, орман пайдалануды, орман қорының сандық және сапалық өзгерістеріне жүйелі түрде бақылау жасауды ұйымдастыру және мемлекеттік органдарды, мүдделі жеке және заңды тұлғаларды орман қоры туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Ерекше қорғалатын орманды аумақтар мемлекеттік орман қоры құрамында жеке бөлінеді және ескеріледі.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік өнірлік табиғи парктердің және мемлекеттік табиғи резерваттардың шекараларында орналасқан мемлекеттік табиғат ескерткіштері солардың құрамында ескеріледі.

3. Орман қорының ескерілетін көрсеткіштеріне байланысты есебін жүргізу жыл сайынғы және кезеңдік есебін жүргізу болып бөлінеді, олар есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарында жағдай бойынша "Орман қоры мемлекеттік есебінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 630 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6609 нөмірімен тіркелген) нысандар (бұдан әрі – Есебін жүргізу материалдары) бойынша жүргізіледі.

4. Жыл сайынғы есебін жүргізу кезінде жекеше орман иеленушілер бойынша жекеше орман қорының алаңдары және мемлекеттік орман иеленушілер бойынша мемлекеттік орман қоры алқаптарының алаңдары, сондай-ақ оларды аудандар, қалалар, облыстар және республика бойынша санаттар мен алқаптарға бөлінетіні ескеріледі.

5. Кезеңдік есебін жүргізу бес жылда бір рет жүргізіледі. Кезеңдік есебін жүргізу кезінде басым ағаш және бұта түқымдылары мен жас топтары бойынша орман көмкерген алқаптар мен қорларды бөлу, сондай-ақ орман шаруашылығын жүргізу және орман иеленушілер мен орман пайдаланушылардың шаруашылық қызметін бағалау үшін қажет орман қорының қорғалу және экономикалық сипаттамалары туралы осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген жыл сайынғы есептің деректеріне қосымша деректер ескеріледі.

6. Орман қорының алаңы 0,05 гектардан асатын (дөңгелектеп алғанда 0,1 гектарға дейін) барлық учаскелері есепке алынуға жатады. Мәліметтердің Есебін жүргізу материалдарында тұтас гектарлар күйінде келтіріледі.

7. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) орман қорын қорғау, күзету, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында басқару, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомство – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомство);

2) мемлекеттік орман орналастыру ұйымы – уәкілетті органның қарауындағы "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, оның қызметі орман ресурстарының есебін, орман қорын аумақтық орналастыруды, ормандардың мемлекеттік мониторингін, орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалануды жоспарлауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 29.04.2020 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Орман қорын мемлекеттік есепке алушы жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 29.04.2020 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Мемлекеттік орман қорында есепке алынуға мыналар:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріндегі табиғи және қолдан өсірілген ормандар (орманды және ағаш өспеген алқаптарды қоса алғанда);

2) мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі орман шаруашылығының мұқтаждықтары үшін берілген табиғи және қолдан өсірілген ормандар, сондай-ақ орман өсімдіктері өспеген жер участелері;

3) халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральдық құбырлар мен басқа да желілік құрылыштардың бөліп берілген белдеулеріндегі ені он метр және одан кеңірек, алаңы 0,05 гектардан астам қорғаныштық екпелер жатады.

9. Жекеше орман қорының құрамында есепке алуға:

- 1) қолдан өсірілген екпелер;
- 2) тұқымнан және (немесе) өсу жолымен пайда болған табиғи өсіп-өнген екпелер;
- 3) жекеше орман питомниктері;
- 4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;
- 5) агроорман-мелиоративтік екпелер;
- 6) жеке меншіктің қарауындағы шаруашылық мақсаттағы автомобиль жолдарының бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпелер жатады.

10. Есепке алуды жүргізу материалдарына өзгерістер енгізуді орман орналастыру материалдарына сәйкес мемлекеттік орман иеленушілер жүргізеді, оларға жыл сайын мына құжаттардың негізінде өзгерістер енгізіледі:

1) ағаш кесілген жерлерді куәландыру актісі, орман өрті туралы хаттама, орман дақылдарын техникалық қабылдау актісі, есепке алынған орман дақылдарының жиынтық ведомостары;

2) мемлекеттік органдардың:

жер участелерін орман қорының жерлері және (немесе) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері санатына қосу;

мемлекеттік орман қорының жерлерін алу;

мемлекеттік орман қорын санаттарға жатқызу, бір санаттан басқасына ауыстыру, сондай-ақ ерекше қорғалатын участелерді бөліп алу;

мемлекеттік орман қорында ормансыз жерлерді орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты мақсаттарда пайдалану үшін оларды орманды жерлерге ауыстыру;

мемлекеттік орман қорындағы ормансыз жерлерді орманды жерлерге ауыстыру;

мемлекеттік орман қорының жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттар жеріне ауыстыру және (немесе) мемлекеттік орман қорының жерлерін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алу жөніндегі шешімдері.

11. Есепке алуды жүргізуді мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүзеге асырады

12. Толтырылған есепке алу материалдары есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейін жергілікті атқаруши органдардың аудандық (қалалық) жер

қатынастары бөлімдерінде салыстырылып, уәкілетті органның ведомствонының аумақтық бөлімшелеріне электрондық және қағаз тасығыштарда беріледі:

- 1) орман шаруашылығымен айналысатын облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелері мен өзге мемлекеттік органдар – өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман иеленушілер бойынша;
- 2) уәкілетті органның қарауындағы мемлекеттік орман иеленушілер;
- 3) жекеше орман иеленушілер береді.

13. Уәкілетті орган ведомствонының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі -Аумақтық бөлімшелер) берілген Есепке алу материалдарын тексереді, оларды өндейді, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органында салыстыру жүргізеді, оларды есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына мемлекеттік орман орналастыру ұйымына жібереді

14. Мемлекеттік орман орналастыру ұйымы Есепке алу материалдарын есептік жылдан кейінгі жылдың 10 ақпанына дейін тексереді. Дәлсіздіктер байқалған және (немесе) толық қөлемінде берілмеген жағдайларда Есепке алу материалдары пысықтауға қайтарылады. Пысықталған есепке материалдары есептік жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанына дейін мемлекеттік орман орналастыру ұйымына қайта жіберіледі.

15. Мемлекеттік орман орналастыру ұйымы Есебін жүргізу материалдарының деректерін аудандар, қалалар, облыстар және жалпы республика бойынша өндеп, есепті жылдан кейінгі жылдың 20 наурызына түсіндірме жазбахатпен уәкілетті органның ведомствонына қарауға және бекітуге электрондық түрде, сондай-ақ қағаз тасығыштарда жолдайды.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндеттін атқарушы
2015 жылғы 27 ақпандығы
№ 18-02/163 бұйрығына
2-қосымша

Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 29.04.2020 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің (бұдан әрі – Орман кодексі) 13-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман кадастрын жүргізу тәртібін айқындейды.

2. Мемлекеттік орман кадастры Қазақстан Республикасы табиғи ресурстарының мемлекеттік кадастрлары бірыңғай жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және оны мемлекеттік орман орналастыру үйімі жүргізеді.

3. Мемлекеттік орман кадастры мемлекеттік жер кадастрымен өзара байланысты. Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу үшін қажетті орман қорының жер участкерлері туралы мәліметтер мемлекеттік жер кадастрынан алынады.

2-тарау. Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 29.04.2020 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мыналар мемлекеттік орман кадастрының құжаттамасы:

1) мемлекеттік орман кадастры осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүргізілетін мемлекеттік орман қорының орман кадастры кітабы;

2) орман иеленушінің шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша есептік кезеңдегі мемлекеттік орман қорының құрамындағы өзгерістер туралы осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жыл сайын беріліп тұратын мемлекеттік орман кадастрын жүргізу үшін қажет мәліметтер;

3) "Орман қоры мемлекеттік есебінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 630 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6609 нөмірімен тіркелген) орман қорының мемлекеттік есебін жүргізу нысандары (бұдан әрі – Есепке алу материалдары) болып табылады.

5. Мемлекеттік орман иеленушілер жыл сайын ақпарат жинаудың, өндөудің және сактаудың электрондық жүйелерін:

1) есепті жылдан кейінгі 1 қаңтардағы жағдай бойынша орман қорының ағымдағы өзгерістері мен жай-күйі туралы мәліметтерді мемлекеттік орман кадастрының құжаттамасына енгізеді;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанына дейін ведомстволық тиесілігі бойынша орман қорында болған өзгерістер туралы мәліметтерді уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – Аумақтық бөлімшелер) және орман шаруашылығымен айналысатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелеріне (бұдан әрі – Құрылымдық бөлімшелер) береді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.04.2023 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2024 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

6. Аумақтық бөлімшелер мен Құрылымдық бөлімшелер жыл сайын электрондық жинау жүйелерін, есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірдегі дейінгі мерзімде, түсіндірме жазбалары бар облыс бойынша жиынтық есептерді мемлекеттік орман орналастыру үйіміна жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 25.06.2024 № 131 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік орман орналастыру үйімі жыл сайын, 1 маусымға дейін түсіндірме жазбахаттары бар облыс бойынша және республика бойынша жиынтық есептерді электрондық тасығыштарда орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органың ведомствосына, Аумақтық бөлімшелерге және Құрылымдық бөлімшелерге жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 25.06.2024 № 131 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу шеңберінде алынған нәтижелер Қазақстан Республикасы табиғи ресурстар мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесіне беріледі.

Мемлекеттік орман қоры кадастрын
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Министрлік, ведомство _____

Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органды _____

Орман иеленуші _____

Пошталық мекенжайы _____

Кадастрлық нөмірі _____

Мемлекеттік орман қорының орман кадастрлық кітабы

Басталды: 20_____ жылғы 01.01. жағдайы бойынша

Аяқталды: 20_____ жылғы 01.01. жағдайы бойынша
_____ парапқ

Тұрақты сақталады

1-бөлім. Орман иелену және орман пайдалану құқығы

Жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган берген тұрақты жер пайдалану құқығына арналған акт, белгіленген тәртіппен бекітілген орман иеленушінің ережесі (

жарғысы), орман иелігінің орналасу карта-схемасы, орман иелігінің құрылымы, бөлімде қоса беріліп отырған 1 және 2-кестелерге сәйкес орман иеленушінің орман шаруашылығы қызметінің есептік деректері енгізіледі.

1-кесте

Орман иелену құрылымы

| № | Орманшылықта рдың атасы | Әкімшілік аудан | Ауданы, гектар | | Орманшылықта р мен орман иеленуші кенселерінің орналасқан жері |
|---|----------------------------|-----------------|----------------|---|--|
| | | | жалпы | оның ішінде ұзак мерзімді пайдалануда | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

2-кесте

Орман иеленушінің орман шаруашылығы қызметі туралы есептік мәліметтер

| | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|
| ығының білікті қызметкер лері, адам | | | | | | |
| Екпө орман жұмыстар ы: | | | | | | |
| ағаш отырғызу, гектар | | | | | | |
| тұқымбақт арда себү, гектар | | | | | | |
| ағаш тұқымдар ын дайындау, килограмм | | | | | | |
| Нақты ағаш кесу: | | | | | | |
| басты мақсатта пайдалану бойынша, гектар/ мың текше метр | | | | | | |
| аралық мақсатта пайдалану бойынша, гектар/ мың метр куб | | | | | | |
| басқа мақсаттар да кесу бойынша, гектар/ мың текше метр | | | | | | |
| Жанама орман пайдалану : | | | | | | |
| шөп шабу, гектар | | | | | | |
| мал жаю, гектар | | | | | | |

ауылшару
ашылық
пайдалану,
гектар

2-бөлім. Мемлекеттік орман қоры участеклерін орман иелену құқығымен беру, сондай-ақ жерлерді қабылдау және беру

Мемлекеттік орман қоры участеклерін орман иелену құқығымен берудің құқықтық негіздері, сондай-ақ мемлекеттік орман қорының құрамынан жер қабылдау және беру енгізіледі, мұнда соңғы орман орналастырудан кейін немесе құрылған жылынан бастап (орман орналастыру жобасы болмаса) қоса беріліп отырған бөлімдегі деректерді кестеге енгізу жылына дейін орман қорының алқабында болған өзгерістер көрсетіледі. Орман қорының құрамына қабылдауға немесе беруге негіз болған құқықтық құжаттар көрсетіледі.

Соңғы орман орналастыру жылы

| Жазылған күні | Мемлекеттік орман қоры алқаптарындағы өзгеріс терге негіз болған құжаттың атауы, күні, нөмірі және қысқаша мазмұны | Жер берілген немесе қабылданған жер пайдалану-шының атауы | Алқабы, гектар | |
|---|--|---|----------------|---------|
| | | | қабылданды | берілді |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. Соңғы орман орналастыру жылындағы мәліметтер | | | | |
| 2. Орман қорындағы алқаптардың өзгеруі | | | | |

Ескертпе: мәліметтерде негіз етіп соңғы орман орналастырудың деректері бойынша немесе орман иеленушінің құрылған күнінен бастап (орман орналастыру жобасы болмаса) мемлекеттік орман қорының алқабы алынады.

3-бөлім. Орман қорын мемлекеттік орман қорының санаттары және алқаптар бойынша бөлу және бағалау

Бөлімде қоса беріліп отырған кестеге сәйкес жыл сайынғы және кезеңдік орман қорын мемлекеттік есепке алудан алынған жер санаттары алқаптарының деректері және мемлекеттік орман қоры санаттарының (бұдан әрі - МОҚ санаттары) шегінде олардың экономикалық бағасы енгізіледі. Әрбір МОҚ санаты үшін жеке кесте жасалады.

МОҚ санаты

алымы – аудан, мың гектар
бөлімі – бағасы, мың теңге

| | | Орманды алқаптар | | | | |
|---|---|-------------------------|--|---------------------------------|---------------------------|---------------------------|
| Өзгерістер енгізілген күн | | орманмен көмкерілген | арнайы мақсаттағы плантациялар, о р м а н тұқымбақтары | жинақталмаған орман екпелері | орманмен көмкерілмеген | орманды алқаптар жиыны |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | |
| 01.01.2014 01.01.2015 2014 ж ы л ф ы өзгерістер 01.01.2015 2015 ж ы л ф ы өзгерістер және сол сияқты | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Ормансыз алқаптар | | | | | | | | | | орманды және ормансы з алқаптар , барлығы |
|--|-------------------|----------------|-----------------------------------|----------------|----|--------|---------------|--|-------------------------------------|---|
| егістікте р тыңайға н жерлер | шабында шықтар | жайылы мдар | жолдар, орам соқпақта ры | усадь балар | су | батпак | мұздықт ар | құмдар және басқа да алқаптар | ормансы з алқаптар , жиыны | |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |

Ескертпе: алымына – жыл сайынғы және кезеңдік орман қорын мемлекеттік есепке алушан алынған орман қоры санаттарының алқабы, бөлімінде – есептелген ақшалай бағасы енгізіледі.

4-бөлім. Басым тұқымдылар мен жас топтары бойынша орман көмкерген алқаптарды бөлу және бағалау

Бөлімде қоса беріліп отырған кестеге сәйкес алқаптар мен қор деректері, сондай-ақ басым тұқымдылар мен жас топтары бойынша орман көмкерген жерлердің бағалау құны енгізіледі. Әрбір негізгі орман құраушы тұқымды үшін жеке кесте жасалады. Өзге ағаш тұқымдылары мен бұталар бойынша деректер алқабы мен бағалау құны бойынша ғана жиынтық қүйінде келтіріледі. Мәліметтер есепке алу аралығындағы кезеңде болған өзгерістерді ескере отырып орман қорын мемлекеттік есепке алу деректерінен алынған МОҚ санаттары есепке алынбай орман иелену бойынша тұтас енгізіледі.

Басым тұқымдылар _____
алқап, мың гектар;
қор, мың текше метр;
құны, мың теңге

| | |
|--|---------------------------------|
| | оның ішінде жас топтары бойынша |
|--|---------------------------------|

| Өзгерістер енгізілген күн | Тұқымды бойынша барлығы | | | жас талдар | | |
|---------------------------------------|-------------------------|-----|--------------|------------|-----|--------------|
| | алқап | кор | бағалау құны | алқап | кор | бағалау құны |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 01.01.2014 | | | | | | |
| 01.01.2015 | | | | | | |
| 2014 жылғы өзгерістер | | | | | | |
| 01.01.2015 | | | | | | |
| 2015 жылғы өзгерістер және сол сияқты | | | | | | |

кестенің жалғасы

| оның ішінде жас топтарты бойынша | | | пісіп келе жатқандар | | | піскен және көнергендер | | |
|----------------------------------|-------|-----|----------------------|-----|--------------|-------------------------|-----|--------------|
| орта жастағылар | алқап | кор | алқап | кор | бағалау құны | алқап | кор | бағалау құны |
| | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| | | | | | | | | 16 |

5-бөлім. Облыс (республика) ормандарының ведомстволар мен меншік нысандары бойынша бөлінуі

Бөлімде қоса беріліп отырған кестеге сәйкес облыс (республика бойынша облыстар) бойынша орман иеленушілерінің 3 және 4-бөлімдерден алынған облыс (республика) бойынша барлық, сондай-ақ ведомстволық тегі мен меншік нысандары бойынша жиынтық мәліметтер енгізіледі.

Облыс, республика _____

алқап, мың гектар

| Өзгерістер енгізілген күн | Орман қорының жері, барлығы | Мемлекеттік орман қоры жерлерінің ведомстволық бағыныстырылғы бойынша бөлінуі сондай-ақ жекеше орман қоры* | | | | | | | |
|---------------------------------|--------------------------------------|--|--------------------------------|---|---|---|------------------------|---|-------------------------|
| | | ҚР АШМ Орман шаруашыл ығы және жануар-ла р дүниесі комитеті | Министрліктер мен ведомстволар | | | | Облыстық әкімдіктер | республик алық маңызы ба р қалалар, астана әкімдіктер і | жекеше орман қоры |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | |

Ескертпе: * - министрліктер, ведомстволар, облыстық әкімдіктер, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдіктері, облыс және республика аумағындағы дара тұлғалар қарауындағы орман қоры туралы мәліметтер енгізіледі;

ҚР АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің.

Нысан

Орман иеленушінің шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша есептік кезеңдегі мемлекеттік орман қорының құрамындағы өзгерістер туралы мәліметтер

1-кесте

Мемлекеттік орман қорының санаттар бойынша алқаптары және орман иеленушінің басқару құрылымы туралы мәліметтер

Орман иеленуші

| | | | | |
|--|-------|---|---|---|
| Құрылымдық бөлімшелердің атауы (филиал, орманшылық) | жалпы | Алқабы, мың гектар оның ішінде мемлекеттік орман қорының санаттары бойынша | | |
| | | Мемлекеттік орман қоры санатының атауы | | |
| | | 1 | 2 | 3 |
| Жиыны | | | 4 | 5 |

2-кесте

Мемлекеттік орман қоры участкерінде орман пайдалану түрлері туралы мәліметтер

Орман иеленуші

| Орман пайдалану түрлері | Орман пайдаланушиның атауы | Бекітілген алқап, гектар |
|-------------------------|----------------------------|--------------------------|
| 1 | 2 | 4 |

3-кесте

Есепке алу аралығындағы кезеңде болған мемлекеттік орман қоры алқаптарының ағымдағы өзгерістері туралы мәліметтер

Орман иеленуші

алқап, гектар

| Жер беру, қабылдау үшін негіз бұйрықтың, каулының немірі және күні) | Жер берген немесе қабылдаған жер пайдаланушиның атауы | Өзгерістер | | Мемлекеттік орман қорының жерлері ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілді |
|---|--|--|-----------------------------------|--|
| | | орман иелену құрамына қабылданды | орман иелену құрамынан берілді | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

4-кесте

Мемлекеттік орман қоры участкеріндегі сүрек қоры туралы мәліметтер

(жыл сайынғы өсімді қосқанда)

Орман иеленуші _____
кор, мың текше метр

| Жалпы | Олардың толысқаны және көнергенді | Жалпы кордан | | | | | |
|-------|-----------------------------------|-------------------|-----------------------------------|----------------------------|-----------------------------------|-----------------------------|-----------------------------------|
| | | кылқан тұқымдылар | олардың толысқаны және көнергенді | қатты жапырақты тұқымдылар | олардың толысқаны және көнергенді | жұмсақ жапырақты тұқымдылар | олардың толысқаны және көнергенді |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

5-кесте

Мемлекеттік орман қорының участкерінде нақты дайындалатын сүрек туралы мәліметтер

| Кесу түрлері | Тұқымдылар топтары | Дайындау көлемі мың текше метр | | |
|--------------|--------------------|--------------------------------|------------------|----------------------------|
| | | есепті кеспеағаш | нақты дайындалау | есепті кеспеағаштың пайызы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

6-кесте

Мемлекеттік орман қорының участкерінде ормандарды молықтыру және орман өсіру туралы мәліметтер

| Іс-шаралар атауы | Өлшем бірлігі | Барлығы | оның ішінде тұқымдылар бойынша | | | |
|------------------|---------------|---------|--------------------------------|-------|----------|-----------------------|
| | | | қарағай | қайың | сексеуіл | және басқа тұқымдылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

7-кесте

**Мемлекеттік орман қорындағы сүрек емес ресурстар туралы
мәліметтер**

Орман иеленуші

| Ресурстардың негізгі түрлері | Өлшем бірлігі | Орташа жылдық қор | | Откен жылы өндірілгені | | |
|---------------------------------|---------------|-------------------|---------------------|-------------------------------------|----------------------------------|--------|
| | | биологиялық | өндіруге болатын | рұқсат беру құжаттары бойынша | халықтың ке л у тәртібімен | жинысы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

8-кесте

**Мемлекеттік орман қоры участекерінде орманды
күтіп-баптау мақсатында кесу туралы
мәліметтер**

Орман иеленуші _____
алқабы, гектар;
кор, мың текше метр

| Күтіп-баптау мақсатында кесу түрлері | Б а с ы м тұқымды | Күтіп-баптау мақсатында кесу жасындағы екпелер алқабы | Күтіп-баптау мақсатында кесуді қажет ететін екпелер алқабы |
|--|----------------------|--|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Күтіп-баптау мақсатында кесуге белгіленгені

| алқап | Көр | | Қайталану мерзімі, жыл | Жыл сайынғы алқап және кесу көлемі | | | 1 гектарда кесілетін қор | | |
|-------|-------|-----------|---------------------------|------------------------------------|---------------|--------|-----------------------------|---------------|----|
| | жалпы | кесілетін | | алқап | кор | | | текше метр | |
| | | | | | кесілет ін | өтімді | кәделік | | |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндеттін атқарушы
2015 жылғы 27 ақпандағы
№ 18-02/163 бұйрығына
3-қосымша

Ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 29.04.2020 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес өзірленді және ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Ормандардың мемлекеттік мониторингі орман қорын күзету, қорғау, пайдалану және орман өсіру, ормандардың биологиялық әралуандығы мен экологиялық функцияларын сақтау саласында мемлекеттік басқару мақсатында орман қорының жай-күйі мен серпінін байқау, бағалау және болжау, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып байқау, бағалау және болжау жүйесін білдіреді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.06.2016 № 293 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізуді осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман орналастыру ұйымы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында бірыңғай жүйе бойынша жүзеге асырады.

2-тарау. Ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 29.04.2020 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік орман иеленушілер жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейін ведомствоның тиесілігі бойынша орман қорында болған өзгерістер туралы мәліметтерді орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – Аумақтық бөлімше) және орман шаруашылығымен айналысатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелеріне (бұдан әрі – Құрылымдық бөлімше) береді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.04.2023 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Аумақтық бөлімшелер мен Құрылымдық бөлімшелер ормандардың мемлекеттік мониторингі бойынша материалдар дайындап, оларды есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін мемлекеттік орман орналастыру ұйымына береді.

6. Аумақтың қамтылуына байланысты ормандардың республикалық, өнірлік және жергілікті мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылады:

1) республикалық – Қазақстан Республикасы орман қорының бүкіл аумағын қамтиды;

2) өнірлік – физика-географиялық, әкімшілік, орман-өсімдік, орман-экономикалық шекаралармен шектелген аумақтарды қамтиды;

3) жергілікті – орман қорының жекелеген участкеріне дейін өнірлік деңгейден төмен аумақтық объектілерде жүргізіледі.

7. Ормандардың мониторингі:

1) мемлекеттік орман қорының санаттары бойынша жүйелі қадағалауды орындау (іздестіру, таспаға түсіру, тексеру, түгендеу);

2) орман қорының жай-күйіне бағалау жүргізу;

3) орман қорының жай-күйіне болжам жасау жөніндегі жұмыстарды қамтиды.

8. Ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу үшін:

1) қашықтықтан зондтау;

2) орман қорының мемлекеттік есебі мен мемлекеттік орман кадастрының;

3) орман орналастырудың;

4) қор деректерінің (жоспарлардың, карталардың, схемалардың, кестелік және басқа да материалдардың);

5) табиғи зерттеулер мен іздестірулердің материалдары пайдаланылады.

9. Орман қорының жай-күйін бағалау жүргізілетін қадағалауды талдау, өзгерістердің бағыты мен қарқындылығын зерделеу арқылы орындалады.

10. Мемлекеттік орман орналастыру ұйымы ормандардың мемлекеттік мониторингінің нәтижелері бойынша орман қорының жай-күйі туралы түсіндірме жазбаны жасайды және есепті жылдан кейінгі 1 маусымға дейін картографиялық материалдармен диаграммаларды қоса бере отырып, облыстық орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосына береді.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндеттін атқарушы
2015 жылғы 27 ақпандығы
№ 18-02/163 бүйріғына
4-қосымша

Мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыруды жүргізу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескеरту. 1-тараудың тақырыбы жана редакцияда – КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 29.04.2020 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

1. Осы Мемлекеттік орман қорының аумағында орман орналастыруды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің (бұдан әрі – Орман кодексі) 13-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыруды жүргізу тәртібін регламенттейді.

2. Мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыру осы Қағидаларға және "Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 9 қарашадағы № 17-02/566 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8181 нөмірмен тіркелген) (бұдан әрі – Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығы) сәйкес бірыңғай жүйе бойынша орындалады.

3. Орман ресурстарын есебін жүргізумен, орман қорын аумактық орналастырумен, оның ішінде мемлекеттік орман қорының шекараларын белгілеумен, ормандарды мемлекеттік мониторингілеумен, орман шаруашылығын жүргізуді жоспарлаумен және орман пайдаланумен байланысты орман орналастыру мемлекеттік монополияға жатады және оны мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүзеге асырады.

4. Орман орналастыру жобаларында орман шаруашылығын жүргізудің және өткен ревизиялық кезеңде мемлекеттік орман қорын пайдаланудың кешенді бағасын, алдағы ревизиялық кезеңде жоспарланып отырған орман шаруашылығы іс-шаралары мен орман шаруашылығын ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі ережелерін қамтиды.

5. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) орман қорын қорғау, күзету, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында басқару, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын үәкілетті органның ведомствосы – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі – үәкілетті органның ведомствосы);

2) мемлекеттік орман орналастыру ұйымы – орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі саласындағы үәкілетті органның қарауындағы "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, оның қызметі орман ресурстарының есебін, орман қорын аумактық орналастыруды, ормандардың мемлекеттік мониторингін, орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалануды жоспарлауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 29.04.2020 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыруды жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 29.04.2020 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыру жыл сайын белгіленген тексеру кезеңінің ұзақтығын ескере отырып, мемлекеттік орман иеленушілердің орман

орналастыру жобаларының уақтылы жаңартылып тұруын қамтамасыз ететін көлемде жүргізіледі.

7. Мемлекеттік орман орналастыру ұйымы мемлекеттік орман қоры аумағында:

1) дайындық жұмыстары жүргізілетін жылы табиғи-климаттық, орман өсімдіктері мен орман экономикалық шарттардың ерекшеліктерін қорытындылайтын, орман шаруашылығын жүргізу қағидаттарын, орман бағалаудың нормативтік-анықтамалық материалдарын іріктең алып, орман шаруашылығы іс-шараларын жобалау ерекшеліктерін негіздейтін облыстың (өнір), республикалық маңызы бар қаланың, астананың орман шаруашылығын жүргізу дің негізгі ережелерін әзірлейді;

2) облыс (өнір), республикалық маңызы бар қалалар, Астана қаласы бойынша жиынтық орман орналастыру материалдарын жасайды, сондай-ақ орман қорының тиісті тақырыптық карталарын дайындайды;

3) қашықтықтан белдемдеу материалдарын, компьютерлік технологияларды пайдалану, геоақпараттық жүйелерді енгізу негізінде орман ресурстарын есепке алуды жүргізу дің жаңа технологиилары мен әдістерін әзірлейді;

4) мемлекеттік орман иелену аумағындағы дәрі-дәрмектік және техникалық шикізат ресурстарын анықтайды;

5) мемлекеттік орман кадастрын, орман қорын мемлекеттік есепке алуды және ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу дің жүзеге асырады;

6) орман өрт сөндіру станцияларын орналастыру және олардың түрі бойынша ұсыныстар әзірлейді;

7) таксациялық сипаттамаларға ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жобаланып отырған орман ресурстары туралы белгілер қояды және олардың шекарасын картографиялық материалдарға түсіреді;

8) уәкілдегі орган ведомствосының орман орналастыру жобасының құрамында бекітуі үшін орманшылықтар мен (немесе) мемлекеттік орман иеленуші бойынша есептік кеспеағашты айқындайды.

8. Орман орналастыруға тиіс объектіде орман орналастыру жұмыстары үш жыл бойы жүргізіледі және мынадай үш кезеңнен тұрады:

1) әзірлік кезеңі (1-жыл) – жұмыстар далалық орман орналастыру жұмыстарының алдындағы жылы жүргізіледі, бұл ретте ұйымдық-техникалық сипаттағы мәселелер шешіледі және орман орналастырылуы тиіс аумақтардың аэрофотосуретке түсірілуі жүргізіледі;

2) далалық кезең (2-жыл) – орман орналастырудың жердегі және дистанциялық әдістері қолданылып, орман орналастыру объектісінде мемлекеттік орман қорын түгендеу жүргізіледі;

3) камеральдық кезең (3-жыл) – далалық кезеңде алынған ақпаратты камеральдық өндеу жүргізіледі, орман орналастыру жобасы әзірленеді.

9. Орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде аэрофотосуретке түсіру және ғарыштық түсірілім материалдары техникалық негіз болып табылады.

Далалық орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде пайдаланылатын аэрофотосуреттер мен ғарыштық түсірілім деректерінің мерзімі 3 жылдан аспайтын уақытқа белгіленеді.

10. Орман орналастыру жобасы өзірленіп жатқан тексеру кезеңінің ұзақтығы орман шаруашылығын жүргізудің қарқындылығына, сондай-ақ мемлекеттік орман иеленушілеріне жүктелген міндеттерге байланысты және Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығымен айқындалады.

11. Тексеру кезеңі аяқталып, мемлекеттік орман иелігінің аумағында жаңа орман орналастыру жобасы күшіне енбекен жағдайда:

1) өртке қарсы іс-шаралар тексеру кезеңінің соңғы жылына белгіленген көлемде орындалады;

2) орманды санитариялық мақсатта кесуді қоса алғанда, орман қорғау іс-шаралары мемлекеттік орман иеленушілер немесе осы салада мамандандырылатын ұйымдар жүргізетін орман-патологиялық зерттеулердің материалдары бойынша айқындалатын көлемде ормандардың санитарлық жай-күйіне байланысты орындалады;

3) ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі іс-шаралар тексеру кезеңінің соңғы жылына, ең алдымен ағаш кесілімдері мен өртендерге белгіленген көлемде орман дақылдары қорының бар-жоғына байланысты орындалады;

4) орманды күтіп-баптау мақсатында кесу оны тексеру кезеңінің соңғы жылына белгіленген көлемде жүргізуді қажет ететін, екпелердің арасынан өспей қалған немесе ағаштардың басты тұқымдыларының өсуіне кедергі келтіретін ағаштарды екпелерден аластатуды талап ететін екпелердің бар-жоғына байланысты орындалады;

5) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі шегінде жүргізіледі;

6) осы Қағидалардың 11-тармағының 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілмеген орман пайдаланудың қалған түрлері орман орналастыру жобаларына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік орман иеленушілер Орман кодексінің 26-бабының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастырудың жүргізілуін қамтамасыз етеді.